

Бекітемін:

«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы»

Жеке меншік мекемесінің әдіскері

А.Ә.Жақсылықова



Тәрбиеші: Байбақова Жайнагүл

Таушық ауылы

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті көрермендер!

Береке де осында,

Мереке де осында.

Болып жатыр той-думан,

Қырандардың қасында, — дей келе, «Жігіт сұлтаны» сайысын ашық деп жариялаймыз.

Асқақтаған ән дайын,

Күмбірлеген күй дайын

Ал, кәнеки, қырандар!

Бастап жігіт өнерін,

Алыстарға самғандар, — деп, сайыскерлерімізді қошеметпен қарсы алайық (сайыскерлердің есімін атап, ортаға шақырамын).

Сайысымыздың жоспарымен таныстырамын.

I кезең – Таныстыру.

II кезең – «Өнерлінің өрісі кең» (жігіттеріміз ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетеді).

III кезең – «Мәнерлеп оқу» сайысы.

IV кезең – «Шынықсаң шымыр боларсың» (спорттық ойын түрлерінің элементтерін көрсету).

V кезең – Шығармашылық сайысы (сурет салу және жапсыру).

Жүргізуші:

Келді міне, бүгінгі сын алуға,

Сын алып үлкендерден үлгі алуға.

Салты бар өнерлі осы ортада,

Берер деп әділқазы әділ баға.

Әділқазылармен таныстырамын.

Әділ қазылар алқасы: Алмагүл Ерболатқызы

Айгүл Әлиасқарқызы

Жүргізуші:

I. Беташарын сайысымыздың бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.
Сайыскерлер таныстырып өздерін,
Білгірлерді ду қол соғып қостайық.

1-ші нөмірлі

Спорт пен білім жағын бір қосқан,
Кем қалмаған талантпен табысқан
Досхан қыранымызды ортаға шақырамыз.

2-ші нөмірлі:

Үлкендерді сыйлайтын,
Айтқаныңнан шықпайтын
Жарасты ортаға шақырамыз.

3-ші нөмірлі

Жүрегі ақ, тілегі пәк
Әлинұр ұлымызды ортаға шақырамыз.

4-ші нөмірлі

Сөз тауып күн қылатын көңіл күйді,
Тобымызда өнерімен болған сыйлы
Нұрхан ұлымызды ортаға шақырамыз.

5-ші нөмірлі:

Еңбек сүйгіш таудай талант бойында,
Барлық істі тыңдау бар ойында
Әбілмансұр ұлымызды ортаға шақырамыз.

6-шы нөмірлі:

Біледі ол жақсы менен жаманды,

Қошеметпен шақырайық ортаға
Нұралі атты жігіт болған сарбазды.

Жүргізуші:

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.
«Өнерлінің өрісі кең» байқауында
Қол соғып барша халқым тамсаныпт

4 Жарас«Қара жорға» биін билейді

Досхан орындауында «Моряк биі»
Әлинұр орындауында «Туған жер» әні
Нұрхан орыс халқының биін билейді

Әбілмансұр «Джентельмен» биін билейді

Нұралі орындауында «өзбек биі !»

Жүргізуші:

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Қонақтарды құрметтеп,
Би қимылын жасайық.
Келесі кезекте «Алтын сақа» тобының «Әдемі ай» (Айгерім Қалаубаева) биін
тамашалайық.

Жүргізуші:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы:
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келер айналасы.
Келесі кезеңіміз «Мәнерлеп оқу» сайысы.

«Ер Төстік» тобының қыздарының орындауында «Ақ мамам» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

IV. Ер өнері білінбес,

Қоян қолтық алыспай

Күш өнері білінбес, — дегендей, сайысымыздың келесі шарты «Шынықсаң шымыр боларсың». Жігіттерімізді ортаға шақырамыз (музыкамен ұлдар ортаға шығып, спорттық өнерлерін көрсетеді).

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.

«Алтын сақа»ұлдарның орындауында «Алға,жігіттер» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

V. Келесі кезекте балаларымыздың шығармашылық қабілеттерін нықтау мақсатымен шығармашылық сайыс (ұлдарымыз киіз үйдің суретін салып әшекейлейді).

Жігіттеріміз жұмыстарын аяқтағанша Аяна,Каусар,Аршат қыздарымыздың «Шығыс биін» тамашалаңыздар.

Әділқазыларға сөз.

Марапаттау.

“Өнерлі жігіт» Досхан

«Шебер жігіт» Жарас

«Балабақша сұлтаны» Нұрхан

«Салмақты жігіт» Нұралі

«Талантты жігіт» Әлинұр

«Батыр жігіт» Әбілмансұр

Бүгін міне, оң болып әр сөзіміз,
Жоғары болып күш-жігер намысымыз.
Осылайша қуанышпен думандатып,
Аяқталды халайық сайысымыз.

Сау саламатта болыңыздар!